

## Кредиттер туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 6 тамыз 1993 ж. N 336-ө

1. Павлодар облысы әкімінің, "Павлодарэнерго" өндірістік бірлестігінің (ӨБ) "Мысполимер" акционерлік қоғамының (АҚ) негізінде Австрияның кредиттік желісі есебінен қаржыландырылатын "Энгель" фирмасының жабдықтары мен технологияларын пайдалана отырып, қан құюдың бір жолғы жүйелерінің өндірісін құру туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Әлем Банкі Кредитанштальтбанкферайн банкімен осы кредит бойынша жалпы сомасы 118000000 австрия шиллингі (11,8 млн. АҚШ доллары) болатын дербес кредит келісімін жасасын.

3. "Мысполимер" АҚ Қазақстан Әлем Банкіне кредитті рәсімдеу үшін қажетті барлық құжаттарды табыс етсін.

"Мысполимер" АҚ-ы Қазақстан Әлем банкімен негізгі қарызды, кредит бойынша проценттер мен төлемдерді өтеу жөнінде кредит келісімін жасасын.

4. Республикалық валюта қорынан қайтару мерзімі 1995 жылғы қарашаға белгіленіп, Павлодарэнерго ӨБ-іне кредит бойынша авансты төлеу үшін 1770 мың АҚШ доллары бөлінсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржымині:

Қазақстан Республикасының Ұлтбанкімен бірлесіп, аталған валюта қаражатының Павлодарэнерго ӨБ ұсынған реквизиттер бойынша аударылуын қамтамасыз етсін.

Кредитанштальтбанкферайн банкіне осы кредит бойынша негізгі сомалардың және банктің ілеспе шығындарының орнын жабуға кепілдік берсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергомині Қаржыминге сыртқы қарызды өтеудің, соның ішінде Республикалық валюта қорына осы кредит бойынша қаржыны қайтарудың қажетті кепілдігі мен схемасын табыстасын.

7. Павлодар облысының әкіміне жобаны жүзеге асырудың барысына кредит бойынша төлемнің уақтылы қамтамасыз етілуіне бақылау жасау жүктелсін.

Премьер-министр